



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы **Отечественная история** **History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (4)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отеева Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жұматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор турецких языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отепова Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM**Editor-in-Chief**

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitghanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieva

Chernienko Denis Arkadyevich

Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich

Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Zikirbaeva Venera Serikovna

Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikh
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 4. Pp. 1117–
1135
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_4_1117-1135

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА 1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ

Алия Тоймахановна Сулейменова¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қ. Филиалы
(11/5 үй, Қабанбай батыр көшесі, 010017, Астана, Қазақстан Республикасы),
Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер,
<https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сулейменова А.Т., 2025

Андатпа. *Kіріспе.* БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті жанындағы Бақылау комиссиясы, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Халық комиссариаты органдарының Қазақстанда 1925–1933-жылдары жүргізілген науқандарды жүргізуі архивтік құжаттар негізінде қарастырылды. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.* Ф.И. Голощекин бастаған «Кіші Қазан» революциясының негізгі бағыттарының қатарындағы отырықшыландыру, байлар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу, жергіліктендіру, егістік және шабындық жерлерді бөлу, ұжымдастыру және т. б. науқандардың жүргізілуі жайлы архивтік құжаттарды зерттеу. Мемлекеттік архивтердегі дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу. Жұмысшы-Шаруа инспекциясы, Бақылау комиссияларының орталық, өңірлік органдарының жұмысын зерделеу. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің, Атырау облыстық мемлекеттік архивінің құжаттары кеңінен пайдаланылды. Зерттеу барысында саралау, талдау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды. *Нәтижелер.* Большевиктік билік жүргізген «партиялық тазалаулар», саяси қуғын-сүргіндер қазақтың бас көтерер қайраткерлерінің, көзі ашық сауатты азаматтардың жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы архивтік құжаттар арқылы қайта қарастырылды. Бақылау комиссиясы-Жұмысшы шаруа инспекциялары жұмысына талдау жасалды. *Қорытындылар.* 1925–1933-жылдары большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекин қолға алған «Қазақстандағы Кіші Қазан» революциясының негізгі науқандарының бірі – отырықшыландыру, ұжымдастыру, «партиялық тазалаулар» науқандарының барысына қатысты құжаттарға, сақтау бірліктеріне талдау жасалды. Партиялық тазалаулар барысында жасақталған архив істеріндегі бұрын белгісіз болып келген тұлғалар туралы деректер анықталды.

Түйін сөздер: Қазақстандағы Кіші Қазан, Ф.И. Голощекин, Бақылау комиссиясы, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы, ұжымдастыру, отырықшыландыру, байлар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу, жергіліктендіру, егістік және шабындық жерлерді бөлу, партиялық тазалаулар.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «ИРН:BR24993057 Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен

кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» іргелі ғылыми жобаны жүзеге асыру жоспарына сай дайындалды.

Дәйексөз үшін: Сулейменова А.Т. Республикалық бақылау комиссияларының құжаттары Қазақстанда 1925–1933-жылдары жүргізілген науқандарды зерттеудің тарихи дереккөзі ретінде // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. 1117–1135-бб. [қазақша].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1117-1135

ДОКУМЕНТЫ РЕСПУБЛИКАНСКИХ КОНТРОЛЬНЫХ КОМИССИЙ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ КАМПАНИЙ, ПРОВЕДЕННЫХ В 1925-1933 гг.

Алия Тоймахановна Сулейменова¹

¹ Филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в Астане

(д. 11/5, ул. Кабанбай батыра, 010017, Астана, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сулейменова А.Т., 2025

Аннотация. *Введение.* Проведение кампаний в Казахстане в 1925–1933 годах рассматривается на основе архивных документов. *Цели и задачи исследования.* Изучение архивных документов, связанных с оседанием, конфискацией баев и полуфеодалов, их выселением, переделом пахотных и сенокосных земель, коллективизацией и другими мероприятиями, входившими в число основных направлений политики «Малого Октября», проводимой под руководством Ф. И. Голощекина. Особое внимание уделено анализу деятельности центральных и региональных органов Рабоче-крестьянской инспекции и контрольных комиссий. *Материалы и методы.* В исследовательской работе широко использованы документы Архива Президента Республики Казахстан. В ходе исследования применялись методы дифференциации, анализа, систематизации и сравнения. *Результаты.* На основе архивных документов были переосмыслены «партийные чистки» и политические репрессии, проводимые большевистской властью, которые приобрели характер массовых репрессий в отношении казахских общественных деятелей и образованной части населения. Проведён анализ деятельности контрольных комиссий и органов Рабоче-крестьянской инспекции. *Выводы.* В ходе анализа архивных документов и единиц хранения за 1925–1933 годы рассмотрен ход одной из ключевых кампаний политики «Малого Октября в Казахстане» — оседлости и коллективизации, инициированных большевистским эмиссаром Ф. И. Голощекиным. В процессе изучения материалов партийных чисток были выявлены сведения о ранее неизвестных лицах, зафиксированных в архивных делах.

Ключевые слова: Малый Октябрь в Казахстане, Ф.И. Голощекин, оседание, коллективизация, коренизация, конфискация баев и полуфеодалов, передел пахотных и сенокосных земель.

Благодарность. Статья подготовлена в соответствии с планом реализации фундаментального научного проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «ИРН: BR24993057 фундаментальные исследования основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации».

Для цитирования: Сулейменова А.Т. Документы республиканских контрольных комиссий в Казахстане: исторические источники кампаний, проведенных в 1925–1933 гг. // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. С. 1117–1135. [на казахском]. DOI:10.51943/2788-9718_2025_28_4_1117-1135

DOCUMENTS OF REPUBLICAN CONTROL COMMISSIONS IN KAZAKHSTAN AS HISTORICAL SOURCES OF THE CAMPAIGNS CARRIED OUT IN 1925-1933

Aliya Toymakhanovna Suleimenova¹

¹Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(11/5 Kabanbai Batyr str., 010017, Astana, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher,
<https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© Valichanov IHE, 2025

© Suleimenova A.T., 2025

Abstract. *Introduction.* The campaigns carried out in Kazakhstan in 1925-1933 were considered on the basis of archival documents. *Goals and objectives of the study.* Study of archival documents on the main directions of the «Small October» revolution led by F. Goloshchekin: settlement, resettlement of the rich and semi-feudal lords, localization, division of arable and meadow lands, collectivization, etc. Study of the work of Central and regional bodies of workers' and peasants' inspections, Control commissions. *Materials and methods.* In the research work, the documents of the archive of the President of the Republic of Kazakhstan were widely used. In the course of the study, methods of differentiation, analysis, systematization, comparison were used. *Results.* The «party purges», political repressions carried out by the Bolshevik authorities, the mass repressions of the Kazakh leaders, literate citizens with an open mind, were revised through archival documents. An analysis of the work of the Control Commission-workers' peasant inspections was carried out. *Conclusions.* In 1925–1933, an analysis of documents and storage units was carried out regarding the course of one of the main campaigns of the Small October revolution in Kazakhstan – the campaigns of settlement, collectivization, undertaken by the Bolshevik emissary F. Goloshchekin. During the party purges, data on previously unknown persons in the archive's files were revealed.

Keywords: Little October in Kazakhstan, F. Goloshchekin, settlement, collectivization, popularization of the rich and semi-feudal, localization, distribution of arable and meadow lands.

Acknowledgements. The article was prepared in accordance with the implementation plan of the fundamental scientific project of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «IRN: BR24993057 fundamental research of the main basic categories and subcategories of victims of political repressions in Kazakhstan and the processes of their full rehabilitation».

For citation: Suleimenova A.T. Documents of Republican control commissions in Kazakhstan As historical sources of the campaigns carried out in 1925–1933 // Otan tarihi. 2025. T. 28. № 4. Pp. 1117–1135. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1117-1135

Кіріспе. 1925–1933-жылдар аралығында Қазақстанның билік басында болған большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекин қолға алған Кіші Қазан революциясы, оны жүзеге асырудың факторлары мен салдарлары зерттеушілердің түрлі топтарының назарын аударып келеді. Қазақстанның кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі тарихының қалыптасу және насихатталу деңгейіне түрлі байыптаулар, қорытындылар жасалды. Негізінен алғанда 1925–1933 жылдары жүргізілген науқандардың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы, шаруашылыққа тиімділігінің дәрежесі мен қоғамның түрлі қабаттарында қолдауға ие болуы әлі де болса пікірталастар тудырып келеді.

Тарихи оқиғалардың мазмұны мен салдарларына нақты емес, субъективті көзқарастардан дәйектелген тұжырымдамалардан алшақтататын объективті ұғымдарды қалыптастыруға арналған ең жақсы және нақты құрал – архивтік құжаттар және оларды тиісті ғылыми және әдістемелік стандарттарға сай жариялау екендігі белгілі.

Ф.И. Голощекиннің Қазақстанда 1925–1933-жылдары жүргізген саяси, экономикалық, қоғамдық науқандарының тарихына қатысты архивтік құжаттар аталған кезеңнің бет пердесін ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысында архивтік дереккөздерге шолу жасалып, фактологиялық материалдардың сақталу, пайдаланылу механизмдері көрсетілді. Отырықшыландыру, ұжымдастыру, байлар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу, мемлекеттік басқару аппаратын жергіліктендіру, молдалар мен дін иелерін қудалау, Алаш қозғалысына тікелей қатысқандармен қатар, олармен

тұрмыстық жағынан байланыста болғандардың өзін тергеу, тексеру істеріне және т. б. науқандарға қатысуы жайындағы құжаттарды зерттеу жүзеге асырылды. Нәтижесінде большевиктік билік партиясы жүргізген «партиялық тазалаулар», саяси қуғын-сүргіндер қазақтың бас көтерер қайраткерлерінің, көзі ашық сауатты азаматтардың жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы архивтік құжаттар мен фактологиялық деректер арқылы қайта қарастырылды. Қазақстан аумағындағы тергеу, тексеру, бақылау қызметін атқарған институт – Бақылау комиссиясы-Жұмысшы шаруа инспекциялары органдарының жұмысына қатысты архивтік деректер ғылыми айналымға түсірілді. Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекин 1925–1933-жылдары сталиндік билікпен келісе отырып, жоспарлап жүзеге асырған «Қазақстандағы Кіші Қазан» революциясының негізгі науқандары – отырықшыландыру, ұжымдастыру, партиялық тазалаулар және т. б. барысына қатысты құжаттарға, сақтау бірліктеріне тарихи баға берілді.

Өлкенің сол кездегі басшылары жайлы әңгіме қозғағанда, сол бір күрделі кезеңде сыни тұрғыдан талдау жасау мен оқиғаның нақты бағасын жасауға дәрменсіздіктерін көрсеткендігін айту қажет. Субъективтік факторлар мен аппараттың құдіреттілігіне шексіз сенім мен басқарудың күштеу әдістері мен саяси-идеологиялық регулятивтеріне біржақты бейімделу, тіпті солшыл асығыстық осы бағыттағы қадамдардың әлсіз жақтарын көрсетіп берді. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ қоғамының социалистік жолға түсуінің алғышарттарын байыптауда қазақ кеңес-партия қайраткерлерінің басым бөлігі бағынушылық принципін ұстанды. Большевиктік билікке араласқан олар мемлекеттік аппараттың алға қойған реформаларын жергілікті халыққа таратуда да әлсіздік көрсетті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарық көрген еңбекте Ж. Абылхожин, М. Қозыбаев, М. Тәтімөвтер «БК (б) П Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекин бұл істің орындалуында басымдық көрсетті (республиканың басқа да басшылары да айыптаудан алыс кете алмайды) басшы ретінде ол авторитарлы саяси мәдениеттен құралған қызметкердің жарқын үлгісін көрсетті» деп баға береді. Ф.И. Голощекиннің саяси қызметінде көсемдік ағымдар қылаң беріп отырғандығын атап өте отырып, олар әсірелеу формаларда көрінбесе де, оны «артта қалған Қазақстан еңбекшілерінің көсемі» деп атай бастағанда, бұған қарсы наразылықтар жасала қоймады. Авторлар Ф.И. Голощекиннің іс-әрекеттерінде өзінің дұрыстығына сенімділік орнай бастап, басқалардың сынына төзе алмаушылығын теріс бағалады. Оның өрескел қылықтары Сталиннен өзінің кейбір қателіктері бола тұрса да, жан-жақты жазылған хатына оның қолына өзіндік сенім мандатын тапсырған соң тіпті өршіп кетті. Ол хатта: «Голощекин жодас! Осы жазбада белгіленген саясат, негізінен жалғыз ғана дұрыс саясат болып табылады деп ойлаймын» делінген болатын [Абылхожин, Қозыбаев, Тәтімөв, 1991: 202]. Ең жоғарғы биліктен нақты тапсырма ала отырып, ешбір талқылауларға көнбестен, Голощекин науқандарды аса құштарықпен жүргізуді бастап кеткенін құжаттар көрсетіп берді.

Кеңестік биліктің тоқырау кезеңінде Қазақстанның Голощекин билігі тұсындағы тарихын зерттеу бір жақты ғана жүргізілді. Академик ғалым С. Бәйішев туралы жасаған мақаласында М. Қозыбаев: «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктерін» жазған кезде Ф.И. Голощекин дәуіріне тіс батыра алмайтын еді, өйткені Мәскеуде оған деген көзқарас жеке басқа табынудың құрбаны есебінде қарайтын кез еді. Редакциялық алқа мәжілісінде осы бір дәрменсіздікке қиналғаны есімде. С. Бейсембаевтың Ф.И. Голощекинге арнап жазған мақаласына: «Апырмай Секең осыны бекер жазды-ау» дегенін де естігенім бар» деп көрсеткен. Ф.И. Голощекиннің жеке басына табыну ол басшылық еткен сәтте орын алды. Елден кеткен соң да, ол өзі өмірден өткен соң да большевиктік эмиссар туралы, оның реформалары мен науқандары жайлы жақ ашудың өзі қияметке айналды [Қозыбаев, 2021: 374]. Жоғарыда аттары аталған ғалымдар большевиктік эмиссардың қазақ жеріндегі жүргізген саясатына өз заманының талаптарына сай келетін бағаларын берді. Жеке басқа табынушылықтың одақтық қана емес, республикалық деңгейде орын алуының нәтижесінде қазақ халқы өз жерінде отырып азшылыққа ұшырады. Алаш қозғалысы қайраткерлері мен олардың рухани ізбасарларын, мүдделестерін елден түрлі себептермен аластата отырып Ф.И. Голощекин өзінің революциялық идеяларын еш кедергісіз жүзеге асырды. Сайлау өткізді, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлді, жартылай феодалдар мен байларды кәмпескелеу, көшпелі, жартылай көшпелі шараушылықтарды ұжымдастыру, отырықшыландыру, мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру науқандарын революциялық екпін сала отырып жүргізді. «Партиялық құжаттарды тексеру», «партиялық тазалаулар» желеуімен жүргізілген Алаш қозғалысы қайраткерлері мен қатысушыларын соттау, тергеу-тексеру жүзеге асырылды. «Алаштың 40 төресінің соты» атауымен ел аузында қалған науқандар елдегі бас көтерер жанның азаюына әкеліп соқтырды.

Отырықшыландыру, жаппай ұжымдастыру елдің азып-тозуына, ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі қоғамның ыдырауына әкеліп, атадан балаға мирас болып қалған мал шаруашылығын күйретті. Күнкөріс малы мен ата қоныс жерінен айрылған халықтың ашынғандағы жасаған көтерілістері тарих бетінде қалды. Академик Х. Әбжанов Ф.И. Голощекинді «Билік тармақтарында тепе-теңдік пен тежемелік атымен түзілмеген Қазақстандағы ашаршылық архитекторы – Кремльдің қолшоқпары» деп атай отырып: «Кеңестер Одағы аумағында миллиондарды аштыққа ұрындырғандар – шексіз билікті иеленген Сталин мен оның айналасындағылар, осылар жүргізген аграрлық, кадрлық, ұлттық, ішкі және халықаралық саясат» деп қорытындылайды [Әбжанов, 2014: 148].

Ф.И. Голощекин Қазақстанда тоталитарлық тәртіптің барлық мәнді белгілерінің, ең бастысы – адамды биліктен, құқықтан, қарапайым еркіндіктен айырып, қорғансыздың күнін орнатты. Осының бәрі 1929 жылы басталған жаппай ұжымдастырумен барынша асқынды. КСРО басшылығының тоқпақтауымен жүргізілген жойдасыз жанталаса ұжымдастыру алғашқы төрт жылда адамзатқа қарсы ұйымдастырылған қылмыс деңгейіне жетті. Ашынған халық қарулы қарсылық көрсетуге дейін барды [Әбжанов, 2014: 150].

Шетелдік зерттеуші А. Людткенің пайымдауынша: «Мемлекеттіліктің мағынасы құдіретті биліктің күнделікті әрекетіне үміт пен үрейге бой алдырмастан билік институтының (оның нығаюы, заңдылығы және кейде күйреуі) бар екендігін мойындау мүмкін емес. Мемлекеттік лауазымдар билік иесі бюрократиялық тәжірибе мен дәстүрлеріне сай жұмыс атқарады, ал оны орындаушылар соған бағынады» (Людтке, 2010: 66). Билік институтына бағынған қоғам оның күнделікті әрекетіне баға бере алмады. Жаңа құрылысты орнатушылардың өздері де бұл үрдістің қалай қай жаққа бастап баратынын бағдарлай алмады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын жүргізуде әдіснамалық негізі фактілер мен тарихи оқиғаларды нақты жағдайға сәйкес, олардың өзара байланысында қарастыруға мүмкіндік берген объективті қамту принципі басшылыққа алынды. Анализ, синтез, жалпылау, индукция, дедукция сияқты жалпы ғылыми әдістер де пайдаланылды. Бақылау комиссиялары – Жұмысшы-Шаруа инспекциясы органдарының 1926–1933 жылдардағы қызметіне қатысты ғылыми-зерттеу еңбектер мен архивтік деректерді талдау жұмысы жасалды. Республикадағы коммунистік биліктің қызметін көрсететін қорлар сақталған Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің, Атырау, Абай облыстық мемлекеттік архивтерінің істері сарапталды. Архивке сақтауға алынған Бақылау комиссиясының № 719-қоры мен БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің № 708 қорының 1925–1933 жылдардағы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі Қазақ АКСР Бақылау комиссиясы – Жұмысшы-Шаруа инспекциясының № 44-қорының 1930–1935-жылдардағы істері қаралып, құжаттары сарапқа салынды. Кеңестік, партиялық бақылау органдарының бір партиялы диктатурасын бекіту процесінің көрінісі болып табылатын дереккөздер 1925–1933-жылдардағы саяси науқандарға сипаттама береді. Жоғарыда аталған архивтермен қатар Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінің, Алматы, Талдықорған облыстық мемлекеттік архивтерінің қорлары жайлы анықтамалық-жолсілтерлерде көрсетілген қорлар туралы мәліметтер берілді.

Талқылау. Большевиктік биліктің бұқара арасында жұмыс жүргізу үшін құрылған мемлекеттік жазалау органы Қазақстандағы Жұмысшы-Шаруа инспекциялары, Бақылау комиссияларының архивтік қорлары зерттеу жұмысының нысанына айналды. Зерделеудің негізгі дереккөзі республикалық және кеңестік мемлекеттік билік органдарының және мемлекеттік басқару органдарының құжаттары мен материалдары. Автор Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-шаруа комиссияларының республикалық органы ұйымдастырған партиялық тазалаулар, отырықшыландыру, кәмпескелеу және т. б. науқандарға қатысты құжаттарды іздеп тапты.

Дереккөздердің келесі бір маңызды тобы – БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің құжаттары: Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа комиссиясының съездері, конференциялары, біріккен пленумдар. Бұл жерде Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа комиссиясының партия съездерінде, Бақылау комиссиясы пленумдарындағы Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа комиссиясының есептік баяндамаларының және т.б. партия құжаттары мен материалдарының маңыздылығын атап өту қажет.

Жалпы Бақылау комиссиялары мен Жұмысшы-Шаруа инспекцияларының қызметі, міндеті және мақсаттары жөнінде зерттеу еңбектері кеңестік кезеңде басталған.

Зерттеуші Е. Химович Орталық Бақылау Комиссиялары-Жұмысшы-Шаруа инспекциясы (ОБК-ЖШИ) органдарының экономия, өндірісті рационализациялау және басқару режимдерін жүргізудегі ролі: 1926–1934 жылдардағы тәжірибесі мен сабақтары туралы зерттеу еңбегінде мемлекеттік-партиялық бақылау органының бүкілодақтық деңгейдегі тарихнамасына тоқталады. Бақылау ұйымдарының мәселелеріне қатысты Қазақстанда А.Ф. Абоян, Өзбекстанда – А.Р. Атаджанов, Белоруссияда – М.И. Злотник, Арменияда – Ш.А. Погосян, Әзербайжанда – Р. Раджабов және т. б. зерттеу жұмыстарын жүргізгендігін атап өтеді. (ОБК-ЖШИ) жүйесі жергілікті БК-ЖШИ органдарымен тығыз байланыс жасады. Олардың қалыптасуы туралы А.П. Константинов, В.М. Иванов, В.И. Зубарев, В.С. Кропотов, В.Л. Кутузов, А.В. Прокопенко, Л.В. Чекуркин және т. б. еңбектерінде қарастырылды [Химович, 1992].

БК (б) П Орталық Бақылау комиссиясы мен жергілікті органдарының КСРО-ның әкімшілік жүйесін қалыптастыруға, ұжымдастыру, бай-кулактарды тәркілеуде, 1920 жылдардың басындағы қуғын-сүргіндерді жүргізуге қатысуы, 1920–1930 жылдардағы ауылдық аудандардағы Бақылау комиссиялары – Жұмысшы-шаруа комиссиясының жұмыстарының ерекше түрлері мен әдістері жан-жақты талдауды талап етеді.

1930 жылдардың басындағы КСРО да ұжымдастыру мен азық-түлік дайындау барысындағы партиялық-мемлекеттік саясатты жүргізу отандық мамандар – тарихшылар, экономистер, социологтар және т. б. сала мамандары жан-жақты зерттеді деп тұжырым жасауға болады. Бірақ партия-мемлекеттік бақылау органдары болып саналатын БК (б) П өңірлік Бақылау комиссиялары-Жұмысшы-Шаруа инспекцияларының (БК-ЖШИ) жергілікті жерлерде жазалау саясатын жүзеге асырудағы ролі әлі де аз зерттелген. Партия-мемлекеттік бақылау органдарына астық дайындау процестеріне қатысу міндеттелді. Басым бөлігі БК (б) П мүшелері және мүшелікке кандидаттар және партияда жоқтар қарастырылып отырған кезеңдегі партия активінің қатарындағылар орындаушылар өздерінің қызметтерінде БК-ЖШИ органдарына есеп беруі тиіс болды. Түрлі себептермен алға қойылған міндеттерді орындамаған жағдайларда мемлекеттік жазалаушы органдар оларды жауапкершілікке тартты. Коммунистерге қарсы қуғындау шараларының бастамашысы жергілікті тәртіп сақтау, сот, БМСБ (ОГПУ) органдарымен өзара белсенді әрекет еткен БК-ЖШИ түріндегі партия органдары болды. Бұл органдардың басшы лауазымды тұлғалары, басым көпшілігі коммунистерге, БК-ЖШИ мәжілістеріне шақырылып, онда міндетті түрде орындалуы тиіс міндеттер, партия тапсырмасы берілді. [Иванцов, 2017].

Зерттеуші И.Г. Иванцов Кубань өлкесінің архивтік маериалдары негізінде өңірлік БК (б) П бақылау комиссиялары – жұмысшы-шаруа инспекциялары соттан тыс қуғындаудың органдары ретіндегі ролін зерделеген мақаласында аталған саяси мекемелердің жұмысына баға береді. «БК (б) П мен оның уәкілетті органдарының көмегімен 1933 жылдың күзіне дейін мемлекеттік жазалау аппаратын өздерінің мақсаттары үшін пайдалана отырып, онсыз да ауыр жағдайды ушықтыра түсіп, селода қуғын-сүргіндерді жалғастыра берді. Жүргізіліп отырған саясатта жетекші рольді БК-ЖШИ атқарды, себебі олар жүргізіліп отырған саясатта қозғаушы әрі бағыттаушы күшке айналды. Олардың бұйрықтары орындалуға міндетті болды. Сырттан қарағанда олардың мұндай ролі білмейтіндерге айқын емес еді» деп қорытындылайды [Иванцов, 2017].

Зерттеуші Д. Султанмуратов революциядан кейінгі және кеңестік кезеңдегі мемлекеттік бақылау органдарының бірі Жұмысшы-Шаруа инспекциясының жұмысын зерделеуге арналған мақаласында инспекцияның құқықтық негізін құрайтын нормативтік-құқықтық актілер, БК (б) П стенографиялық есептерін және осы тақырыпқа қатысты бірқатар ғылыми мақалалар талдауға алынған. Автор Жұмысшы-шаруа инспекциясының өз алдына дербес жұмыс істеген және Орталық Бақылау комиссиясымен біріккеннен кейінгі уақыттағы жұмысына талдау жасай отырып, инспекцияның жылдам институционалды-құқықтық дамуы және жоғары тиімділігін және оның қызмет ету кезеңіндегі ең табысты сәтінде таратылуының негізсіздігін атап көрсетеді [Султанмуратов, 2020].

Қазақстан ғылымында мемлекеттің бақылау органдары, оның ішінде Жұмысшы-Шаруа комиссиясының жұмысына, тарихына, оның мемлекеттілікті дамыту жолындағы институционалдық қызметіне қатысты еңбектер жоқтың қасы. 1960-жылдары КОКП тарихы бойынша қорғалған қазақстандық А.Ф. Абоянның ғылыми диссертациялық еңбегін ғана атап өте аламыз [Абоян, 1967]. Еңбек С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің КОКП тарихы кафедрасында қорғалған. Ғылыми жұмыста А.Ф. Абоян дииссертациялық жұмыстың көлеміне орай Қазақстанның партиялық-мемлекеттік бақылау органдары айналысқан маңызды мәселелердің кейбіріне тоқтала алмағандығын

атап өтеді. Ұжымдастыру, мәдени құрылыс және т. б. көптеген тақырыптар диссертацияда ішін-ара ғана аталып өтеді және олар арнаулы зерттеуді қажет етеді. Зерттеушінің еңбегінің хронологиялық мерзімі 1924–1933 жылдарды қамтиды. 1924 жылы Қазақстандағы ұйымдастыру жұмыстары аяқталып, V Бүкілқазақстандық партия конференциясы өткізілген уақытта олардың бірігу процесі толығымен аяқталды. Сондықтан олардың қызметі өнімді және жоғары маңызға ие бола бастады. Зерттеушінің еңбегінде республиканың орталық архивтерімен қатар, Бүкілодақтық архивтерге сілтеме жасалады [Абоян, 1967: 13]. Сонымен қатар Бақылау комиссияларының жұмысы негізінде елдегі оңшыл-оппортунистер мен оппозиционерлердің жұмысын әшкерелегені, «қожанов-сәдуақасовшылар» топтарының айқындалуы жайындағы құжаттарға шолу жасайды. Партиялық тазалаулардың барысында 1929–1930 жылдары Бақылау комиссиясы партиядан 1000-ға жуық адамды шығарады. Жергілікті Бақылау комиссияларының сигналдары бойынша Өлкелік комитет пен Өлкелік Бақылау комиссиясы 1931–1932 жылдары 7 ауданда партия ұйымдарын тексеру мен тазалау жұмыстарын жүргізді. 704 коммунистен тұратын 53 ұйым тексерілді. Жедел тазалау барысында барлығы 199 адам партиядан қуылды, 165 коммунист түрлі сөгістер алды. Қазақ Өлкелік комитеті мен оның бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің ұжымдастыру мен ұлттық саясат мәселелеріндегі жіберген қателіктерін сынаған БК (б) П Орталық комитетінің 1932 жылғы 17 қыркүйектегі қаулысынан кейін оңшыл ағыммен күресудегі Бақылау комиссиясының қызметінің тиімділігі төмендегенін атап өтеді [Абоян, 1967: 16, 17]. Аса қарқынмен жүргізілген қуғын-сүргіндер аталған қаулыдан кейін бәсеңдеп, 1933 жылы саябыр тапқан.

А.Ф. Абоянның есебінше, 1926–1933 жылдары партиядан 13251 адам шығарылған, 1929–1930 жылдардағы тазалаулар кезіндегі санды қосқанда бұл 20 мыңға дейін көтеріледі.

Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының құрамындағы бақылау органдарының жұмысына да шолу жасалады. А.Ф. Абоянның зерттеуінше 1933 жылдың соңында ЖШИ активі толық емес деректер бойынша 30 мың адамды құрады. Нәтижесінде ЖШИ 700 секциясы, 1600 әрекет ету тобы, 200 шағым бюросы посты, жеңіл кавалерияның 150 отряды құрылды. Тұрақты активтен бөлек тексерілуші кәсіпорындардың қоғамдық ұйымдарының мамандары, өкілдері, үй шаруасындағы әйелдер және т. б. тартылды [Абоян, 1967: 17]. Бұдан шығатын қорытынды: билеуші институт бүкіл қоғамның әшкерелеуші-бақылаушы болуын қадыпты деп санады және бұл жұмысқа қоғамның барлық мүшелерін жұмылдыруды көздеді.

Зерттеуші Е.П. Шрамук қазіргі заманғы Ресей тарихнамасындағы Жұмысшы-Шаруа Халық комиссариатының қызметінің талқылануы туралы еңбегінде бұдан бұрынғы уақыттағы жұмыстардан ерекшелігі ретінде КСРО тарағаннан кейін бақылау органдарының ролі әкімшілік-командалық жүйенің қалыптастырылуы тұрғысынан қайта қарастырыла бастағандығын атап өтеді. Бұл жерде Жұмысшы-Шаруа инспекциясына маңызды орын беріле бастады. Орталық Бақылау комиссиясы – Жұмысшы-Шаруа инспекциясының мемлекеттік Бақылау нысанына айналуын И.В. Сталиннің жеке басына табынумен байланыстырады. Яғни большевиктік биліктің бақылау, қадағалау органы ретінде Жұмысшы Шаруа инспекциялары мен Бақылау комиссиялары сталиндік биліктің ең басты қадағалаушы органы ретінде қызмет атқарды. Сталиндік директивалардың, нұсқаулар мен қаулы-қарарлардың мүлтіксіз орындалуын белгіленген нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырушы орган ретінде қызмет атқарды [Шрамук, 2024].

Бақылау комиссиясы – Жұмысшы-Шаруа инспекциясының құрылымдық бөлімшелері аталған кезеңде мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру, индустрияландыру мәселелеріне қатысуда жан-жақты жұмыстар жүргізді.

Мемлекеттік-партиялық бақылау органдарының жұмысының барысы жайында архивтік қорлар кеңінен мәлімет береді. Қазақстандық архивтерде республикалық, облыстық, округтік, аудандық, уездік Бақылау комиссиялары, жұмысшы-шаруа инспекцияларының архивтік қорлары сақтауға алынған. Атап айтқанда: Алматы облыстық мемлекеттік архивінде Жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттарының Жаркент қаласында орналасқан Жаркент уездік, Лепсі қаласындағы Лепсі, уездік кеңестерінің жұмысшы-шаруа инспекцияларының 1919–1923 жылдардағы № 2 қор, 91 сақтау бірлігі, Панфилов филиалында 1919–1923 жылдардағы № 274 қор, 33 сақтау бірлігі, Үшарал филиалында 1920–1923 жылдардағы № 107-қор, 58 сақтау бірлігі есепке алынған. Бұл ұйымдар БОАК 1920 жылғы 8 ақпандағы декреті негізінде құрылған. 1924 жылы наурызда Түркістан КП уездік партия комитеттерімен біріктірілген. Құжаттарының қатарында: Еңбек халық комиссариаты, ЖШИ Халық комиссариаты және Жетісу облыстық ЖШИ қаулылары, циркулярлары және нұсқаулықтары бар. Уездік инспекцияның бұйрықтары, бөлімдердің қызметкерлерінің

жиналыстарының, алқа мәжілістерінің хаттамалары, инспекция жұмысы туралы есептер, баяндамалар, мекемелер мен ұйымдарды тексеру актілері, қаржылық тәртіпті сақтауды тексерулер актілері жинақталған. Қытайдан оралған босқын қазақтарға көмек көрсету бойынша құжаттар бар (1920–1922) [Путеводитель ГА Алматинской обл., 80].

Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Халық комиссариаты (БК (б) П Қазақ өлкелік БК – ҚАКСР ЖШИ ХК). № 719-архивтік қорында 5 тізімдеме, жалпы саны – 1925–1934 жылдардағы 6031 сақтау бірлігі есепке алынған.

1925 жылғы 21 ақпанда РК (б) П Қырғыз Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қырғыз АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы ретінде құрылған. 1925 жылғы 15–19 сәуірдегі Кеңестердің V съезінің қаулысымен Қырғыз АКСР атауы Қазақ АКСР болып қайта аталуына орай РК (б) П Қырғыз Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қырғыз АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы РК (б) П Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы болып өзгертілді. БК (б) П XIV съезінің (18–31 желтоқсан 1925 ж.) қаулысына сәйкес РК (б) П Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы БК (б) П Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ КСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Халық комиссариаты болып өзгертілді. 1934 жылы БК (б) П XVII съезінің шешімімен таратылды. Қызылорда, Алматы қалаларында орналасты [Путеводитель по фондам Архива Президента Республики Казахстан, 112].

Бүкілодақтық деңгейдегі жазалаушы органның құрылымдық бөлімшелері жайында Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінің жолсілтерінен анықтауға мүмкіндік бар. Архивтегі РКФСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы (РКФСР ЖШИ ХК) А-406 архивтік қорында 1920–1934 жылдар аралығындағы сақтау бірліктері мен ісі есепке алынған. Олардың қатарында Алқа секретариатының құжаттары (1924–1933), ұйымдаструшылық-нұсқаушылық бөлімінің (1920–1933), мемлекеттік аппаратты жақсарту жөніндегі бөлім (1923–1925), әкімшілік техника бөлімі (1926), есептілікті жақсарту бөлімі (1927–1930), мемлекеттік аппаратты жақсарту бөлімі (1931–1933), ведомстволық рационализациялау бөлімі (1928–1930) және мамандар тобының (1929–1932), орталық штат комиссиясының (1924–1927) және құрылымдық-штаттық инспекцияның (1925–1927); әкімшілік (1925–1930), кеңестік құрылыс (1927–1930), қаржы (1923–1932), экономикалық (1923–1924), қаржы инспекциялары (1924) ауыл шаруашылық (1923–1924); сауда, өнеркәсіп және еңбек (1924–1925), өнеркәсіп және еңбек (1925–1932) топтарымен, құрылыс (1925, 1927 – 1932), коммуналдық (1930–1932), жол (1931–1932), текстиль (1932), азық-түлік өнеркәсібі (1930–1932) және өндіріс кооперациясы (1930–1932); сауда (1925–1932) топтарымен, жабдықтау және кооперация (1931–1932), қоғамдық тамақтандыру (1931–1932) және баға инспекциясы (1931–1932); ауылшаруашылық (1924–1930) топтарымен; совхоз-колхоз құрылысы (1931), мал шаруашылығы және техникалық дақылдар (1931–1932); еңбек, әлеуметтік сақтандыру және денсаулық сақтау (1923–1933) топтарымен, әлеуметтік-мәдени (1927–1929), көпшілік халық ағарту (1930–1932), кадрлар (1930–1931), денсаулық сақтау (1930–1932) және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету (1931–1932); жоспардан тыс (1924–1930) бақылау мен тексеру тобымен (1929–1933); әскери (1927–1934); қаржы бөлімі (1920 – 1934), жеке құрам бөлімі.

Құжаттарының қатарында РКФСР ЖШИ ХК хаттамалары, стенограммалары және қаулылары, Халық комиссариатының, оның инспекциялары мен топтарының бұйрықтары, өкімдері, циркулярлары мен нұсқаулықтары, РКФСР БОАК, ХКК, СТО, ЭКОСО, олардың комиссияларының қаулыларының жобалары мен көшірмелері, хаттамалары мен хаттамаларынан үзінділер, КСРО ЖШИ ХК жобаларына, бұйрықтарына, алқа хаттамаларына, жоспарларына және есептеріне жасаған қорытындылары, Орталық штаттық комиссияның және оның комиссия бөлімдерінің мәжілістерінің хаттамалары.

Халық комиссариаты, оның құрылымдық бөлімдері мен жергілікті органдары туралы Ереже. ЖШИ жергілікті органдарының қайта ұйымдастырылуы туралы баяндамалар мен анықтамалар, халық комиссариаты мен оның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс жоспарлары және тексеру бағдарламалары, ЖШИ жергілікті органдарының жұмыстары туралы құжаттар (бұйрықтар, мәжіліс хаттамалары, баяндау жазбалары, жоспарлар, есептер және шолулар жоспарлар, есептер, қорытындылар, сататистикалық мәліметтер, зерделеулер бойынша қорытындылар мен ұсыныстар). Ұйымдастыру-инспекторлық мәселелер бойынша, мекемелер мен ұйымдарды тексеру, мемлекеттік аппаратты экономия мен рационализациялау жұмыстағы параллелизмді жою, мекемелер жүйесін қысқарту, мемлекеттік аппараттарды тазалауды жүргізу және оларды қайта ұйымдастыру, оның

жқмысына деген сын ескертпелер бойынша жұмыстар жүргізу туралы және т. б. мәселелер бойынша хат алмасулар. Басқару техникасы институтының бюллетені бар [Путеводитель. Государственный архив Российской Федерации].

Нәтижелер. Большевиктік Қазақстанның билік басына келген Ф.И. Голощекин қазақ даласында 1925–1933-жылдары қызмет атқарды. Осы кезеңде жүргізілген құқықтық-саяси, әлеуметтік экономикалық науқандар дәстүрлі қазақ шаруашылығының толығымен күйреуіне әкеліп соқтырды. Ф.И. Голощекин 1919 жылы Түркістан АКСР-індегі жағдайды бақылауға алған Түрккомиссия мүшесі ретінде аталған өңірді жақсы білетін. Сондықтан да И. Сталин оны Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы ең ірі өңірді бағындыруға жұмсады десек қателеспейміз. Билік басына келген соң бірнеше рет Мәскеуге хат жолдап, өзінің жүргізбек болған саяси стратегиясын қолдауды сұрады. Қазіргі таңда ғылыми ортада бұл науқандарды «Голощекиннің бағдарламасы» деп атауға үзілді-кесілді қарсылықтар, пікірталастар орын алуда. Большевиктік биліктің жүргізген жұмыстары мақсатты түрдегі бағдарламалық бағытта жүзеге асырылғандығы анық.

«Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасын жүзеге асырудың құрамдас бөлігі ретінде егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу; жергілікті Кеңестер сайлауын ерекше ұйымдастыру және өткізу; Жергілікті кадрларды алмастыру және мемлекеттік және саяси қызметке қатысуға жол бермеу құралы ретінде ұлттандыру саясатынан бас тарту; Революциялық-күшпен айырудың және халықтық күрестің экономикалық негізін жоюдың жазалау және қуғындау (репрессиялық) әдісі және механизмі ретінде ірі байлардың, кулактардың, жартылай феодал байлардың (орта шаруалардың) және шаруалардың мүлкін жаппай біржола иемдену; «Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде күштеп ұжымдастырудың іргелі зерттеулері; Экспроприация мен ұжымдастыруға балама ретінде ауыл шаруашылығындағы кооперация идеясын жоққа шығару; Күрделі астық, ет және мал сатып алу кезіндегі жаппай саяси қуғын-сүргіннің ерекшеліктері; Жаппай күштеп отырықшыландыру (қоныстандыру); Халық көтерілістері мен наразылықтарын қарулы түрде басу; «Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде Қазақстандағы «мәдени» революция; Мәжбүрлі босқындар: тұрғылықты жерінен жаппай қашудың, ауа көшудің себептері мен жағдайлары, жаппай саяси қуғын-сүргіндері сияқты маңызды тақырыптарды зерттеу қолға алынды. Сонымен қатар большевиктік биліктің қазақ қоғамына қарсы жүргізген революциялық-күштеу арқылы жүргізілген өктемдік әрекеттерінің мақсаттары, жүзеге асыру механизмдері және қайғылы салдарын іргелі зерттеу мәселелерін қолға алу аса қажеттігі күн тәртібінде тұр.

Қазақстандағы XX ғасырдың 30-жылдары жүргізілген отырықшылыққа күштеп көшіру науқаны большевиктік билік басына келіп, «феодалдық даму тармағынан капитализмге соқпастан социалистік жолға түсіруді» қолға алған Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» революциясының бір тармағы ретінде қарастырылуы тиіс.

Бүкіләлемдік энциклопедиялық анықтамалықтарда берілген түсіндірмелерден шығатын қорытынды: Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» науқаны өзінің жүргізілу сипатына қарай белгілі бір мерзімге есептелген қоғамдық-саяси немесе шаруашылық ұйымдастырулардың жүйесі болып табылады.

Сонымен қатар Ф.И. Голощекин «қоғам өміріндегі түпкілікті өзгеріс, бейбіт немесе күштеу әдісімен әлеуметтік немесе саяси құрылымды кенеттен ауыстыру» арқылы қазақ қоғамында төңкеріс жасауды көздеді.

Аталған кезеңдегі тарихи оқиғаларды баяндайтын дереккөздері сынға, талапқа қаншалықты төтеп бере алады? Архивте сақталған құжаттардың барлығы ақиқат пен шындыққа негізделген деп айту мүмкін бе? Өткен ғасырдың 40-жылдары дереккөзтанушы-академик М.Н. Тихомировтің: «тарихи дереккөздерді зерделеусіз және оларға сыни көзқарасты ұстанбайынша, бірде-бір зерттеуші өз жұмысын бастай алмайды» деп көрсетуі қазіргі таңда да маңыздылығын жоғалтқан жоқ. [Тихомиров, 1940: 6].

Бұл бағдарламаның барысы жайлы зерттеуде нормативтік-құқықтық актілер, қорытындылар, ұсыныстар, хаттамалар, баяндамалар, хабарламалар, баяндау жазбалар, хаттар, ақпараттар, мақалалар мен жарияланымдар сияқты құжат түрлері басшылыққа алынды.

Жоғарыда аталып өткен Кіші Қазан» революциясының бірнеше тармақтан тұратын науқандарының бірі – көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшыландыру. Нормативтік-құқықтық актілер отырықшыландыру үдерісінің большевиктік биліктің бастапқы кезінде жоспарланғандығын көрсетеді. РКФСР БОАК пен ХКК 1923 жылғы 10 мамырдағы

«Түркістан АКСР-індегі көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда жерге орналастыру туралы Ереже» [Декрет ВЦИК от 10.05.1923] 1924 жылғы 17 сәуірдегі «Қырғыз (Қазақ) АКСР-індегі көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылыққа көшуші тұрғындарды жерге орналастыру туралы» Декреті [Декрет ВЦИК, СНК РСФСР от 17. 04. 1924], Қазақстан мен Орта Азия республикаларының ұлттық-аумақтық межеленуіне дейін қабылданған бұл актілер екі республика аумағына шашырай орналасқан көшпелі қазақ шаруаларын жерге орналастыруды көздеді. Көшпелі қоғам большевиктің билікті орнатуда кедергі жасайтын басты апат ретінде қарастырылды.

Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 30 тамыздағы «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» қаулысы жоғарыда аталған актілердің заңды жалғасы болды. 1930 жылы 19 қаңтарда БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің «Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тұрғындарын отырықшыландыру туралы қаулысы» қабылданып, большевиктік партияның ойға алған ісін жүзеге асыруға негізделді. Кеңестік билік органдары 1930 жылдың өзінде бірнеше қаулы-қарар қабылдап, саяси-экономикалық реформаларды жан-жақты негіздеумен айналысты.

Қазақстандағы отырықшыландыру науқанының дереккөздері қатарында қорытындылар, актілер, ұсыныстар деген құжат түрлері шаралардың жүргізілу барысын көрсетеді. Атап айтқанда: БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1929 жылғы 12 наурыздағы «Қазақ тұрғындарды отырықшыландыру туралы» хаттамасы «жер-су реформасының мәселелерін, жер нормаларын жасақтау сұрақтарын Жер ісі халық комиссариаты Өлкелік комитеттің алға қойған жоспарларын орындай алмағандығын» атап өтеді [ҚР ПА. 141-к. 1-т. 2388 а-іс. 215, 216-п.]; БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1929 жылғы 6 қарашадағы «Қазақ тұрғындарды отырықшыландыру туралы» баяндама бойынша қабылданған қарарды бекіту туралы хаттамасы «Партияның XV съезінің Қазақстан жағдайында ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру міндетін жүзеге асыруда қазақ тұрғындары жүргізіп отырған шаруашылық түрін түбегейлі өзгерту қажеттігін талап етеді» деп түйіндейді, «... сондықтан Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласында жуық арадағы міндеті жер ісін дамытуға болатын аудандарда қазақ тұрғындарын отырықшыландыру проблемасы ...» екендігін атап өтеді [ҚР ПА. 141-к. 2388 б-іс. 111–118-п.], Қазақ тұрғындарын отырықшыландыру жөніндегі комитетінің 1930 жылғы 10 сәуірдегі хаттамасы Семей округтік атқару комитетінің Жаңа Семей ауданындағы округтік Жер басқармасының жүргізген дайындық жұмыстары жайлы ақпаратты талқылайды [Абай облысының мемлекеттік архиві. 577-к. 1-т. 47-іс. 115–117-п.], Қазақ АКСР Жер ісі Халық комиссариатының алқа мәжілісінің 1930 жылғы 5 маусымдағы хаттамасы «ауыл шаруашылық жөніндегі кейбір іс-шаралар тиісті мекемелердің жоспарында белгілі бір байланыс жасай алмады, осы ұйымдардың жүйесінде жергілікті округтік органдар отырықшыландыру жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне дұрыс және нақты бағдар жасай алмады» деп айыптай, отырып, отырықшыландыру жөніндегі шешімдердің асығыстығына мән бере қоймады. Бір аптаның ішінде отырықшыландыруға жауапты Жер ісі, Денсаулық сақтау Халық комиссариаттарына шұғыл түрде кемшіліктерді жоюға міндеттеді [Атырау облысының мемлекеттік архиві. 19-к. 1-т. 30-іс. 69–73-п.], Денсаулық сақтау халық комиссариатының құрамында Сұлтанғалиев пен Кияткін бар Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы бригадасының отырықшыландыру мәселесі бойынша 1930 жылғы 29 тамыздағы тексеру актісі отырықшыландыру барысындағы орын алған біраз кемшіліктердің бетін ашып берді [ҚР ОМА. 44-к.11-т. 62-іс. 46–48-п.], БМСБ (ОГПУ) Уәкілетті өкілдігінің 1930 жылғы қазан айында түрлі науқандарды жүргізудегі орын алған асыра сілтеушіліктер туралы деректер жиынтығы [Трагедия казахского аула, 2018: 188, 189], жұмыстың қызу қарқынмен асығыс жүргізілгендігін көрсетеді.

Қазақстандағы отырықшылыққа көшу мәселесінің 1930-жылдардан бұрын басталғандығын архив деректері көрсетеді. Атап айтқанда, Қырғыз (Қазақ) ОАК төрағасы С. Меңдешевтің Ақмола және Семей облыстарына жасаған сапары туралы РК (б) П облыстық комитетіне жасаған 1923 жылғы 4 қыркүйектегі баяндамасы көшпелі халықтың отырықшылыққа көше бастағандығы жайлы хабарлайды. Ақмола губерниясының 14 қырғыз (қазақ) поселкесінің тұрғындарының қалауына орай губерниялық атқару комитеті Петропавл уезінде бір поселокты ұйымдастыруға шешім қабылдаған, бұл үшін бюджеттен қаржы бөлу қарастырылған. Поселкені құрудың негізгі қағидаты: алғашқы үш жылда қырғыздар (қазақтар) жалдамалы жұмысшы ретінде тартылады, поселкенің әкімшілігін губатком тағайындайды, қырғыздар (қазақтар) шаруашылық құрылысының ұйымдастыру сәтіне қатысады, өз орталарынан сайланған комитет арқылы басқаруға қатысады. Тәжірибе ретінде көшпелі қазақтарды отырықшыландыру процесі басталған [Саяси қуғын-сүргін ...: 2022, 69–71].

Қазақстандық социумның мәдени-зияткерлік кеңістігін ғылыми айналымға енгізуде өткен ғасырдың бірегей және кең көлемдегі ақпаратқа толы дереккөздер, тек ғылыми қауымдастықтың ғана қажеттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай өткен дәуірде өмір сүрген адамдардың тағдыры, жүріп өткен жолы, тыныс-тіршілігін баяндаған өмірбаяндық, қызметтік деректердің призмасы арқылы танып білуге тырысатын жалпы қарапайым көпшіліктің де білуге деген құштарлығын қанағаттандырады. Ретроспективті құжаттарға қызығушылық архив қойнауларындағы тарихи дереккөздердің жарыққа шығарылуына септігін тигізеді, қол жетімді болуын талап етеді.

Германиялық зерттеуші А. Людткенің Германияның күнделікті тарихының еңбек, соғыс және биліктің тарихын зерделеудегі жаңа тұрғыларды қарастырады. Алғысөзін құрастырушылар мен аудармашылар құжатайналымы мен архив материалдарының сақталуының кеңестік орталықтандырылған жүйесін ескере отырып, «кеңестік күнделіктіліктің (повседневности) микротарихи реконструкция мен «төменнің» тарихын зерделеуге арналған дереккөздердің болуын есепке ала отырып Германияны зерттеуші әріптестерінің алдында объективті артықшылыққа ие екендігі жайлы атап өтеді. Ресейлік мемлекеттік архивтерде XX ғасырдың тарихы бойынша фабрика-завод және мекемелердің құжаттамалары зерттеушілер үшін ашық болғанымен мамандардың назарын аудармай жүрген тың дүниелер жеткілікті. Партия және кәсіподақ коллекцияларымен кешенді түрде байланыса отырып, сонымен қатар аталған ұйымдардың көп тиражды басылымдары еңбек ұжымдарының нақты цехтар, бригадалар, еңбек династияларының, сонымен қатар жекелеген жұмысшылардың тұрмыстық және өндірістік күнделікті өмірін деталды реконструкциялауға бірегей мүмкіндік береді. XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстан тарихының парақтарын зерделеуде архивтік деректермен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының ролін жоққа шығармау керек деген қорытынды жасауға болады.

Соғыс пен билік адамдардың физикалық зорлықты қолдану мен құрбан болу тәсілдерін көрсетеді. Біреуге зәбір көрсету немесе өлтіру оның құрбанына ғана емес, оны жүзеге асыратындарға да тікелей ықпал етеді. Қанаушылық, отаршылдық және отарсыздандыру контекстіндегі заманауи зерттеулер отаршылдық пен отарлау акцияларының нысаны болған немесе «басқаларды» иеліктен шығару дискурстарының әсерін көрсетті [Людтке, 2010: 72].

А. Людткенің пікірінше: «Шынында да, бұл бөлу өте шартты, өйткені өткен туралы кез-келген әңгіме бір уақытта жазылған дәуірдің қалдығы болып табылады, ал құжаттар мен заттай дереккөздерде өткеннің сипаттамалары болуы мүмкін». Біздер қаншалықты шындықты ашқымыз келген күннің өзінде де, кеңестік дәуірде дайындалған құжаттар өз дәуірінің адамдары жасаған дереккөздерді ғана ұсынуға мүмкіндігі бар. Астарын суыртпақтай отырып, әр әріптің түбін қарап, болжаммен ғана түйін жасауға болады.

Зерттеуші П.В. Чеченковтың пікірінше: «Белсенді құжатайналымында, архивте сақтауда, тарихшы-зерттеушінің жұмыс орнында бола отырып құжатты дереккөз құжат та болады, тарихи дереккөз де болады» [Чеченков: 45]. Ресейлік архившілер мен құжаттанушы, архивтанушы ғалымдардың дереккөз, архивтік құжат, құжаттық ескерткіш тақырыптарындағы пікірлеріне шолу жасай отырып, автор жоғарыдағы пікірімен қорытындылайды. Тарихи құжаттар мен іс жүргізу стадиясындағы құжаттың айырмашылығы, маңызы және оларды дұрыс қалыптастыру мәселесін көтереді [Чеченков, 36–45]. Қазақстандағы мемлекеттік архивтердегі тарихшы ғалымдар пайдаланып жүрген құжаттың, архив ісінің қаншалықты деңгейде қалыптастырылғаны көкейде көп сұрақтар туындатады.

Аталған мәселені қазақстандық зерттеуші Г. Жакупова «қазіргі уақытта Қазақстан тарихының дереккөзтануын тарихнамалық тұрғыдан қайта қарауды талап ететін бірнеше фактілер анықталып отыр. Қоғамдық танымның акценттерінің ауысуы біздің тарихымыздың өткен кезеңі туралы түсініктерді айқындауға мүмкіндік беретін тарихи дереккөздерге деген қызығушылықты арттыруда. Сондықтан Қазақстан тарихының дереккөзтануының кейбір аспектілерін қарастыру қажет. Атап айтқанда дереккөздік зерттеулер тақырыбын ұйымдастыру шарттары, қалыптастыру және бұрын белгісіз болып келген дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу» деп атап өтеді [Жакупова: 153].

Қазақстандық архивтердегі дереккөздер талдауға алған жағдайды, әсіресе 1920–1930 жылдардағы архив құжаттары көптеген мәліметтерді беруге қауқарлы. Басқарушылық, ұйымдастырушылық, атқарушылық құжаттарынан бөлек тергеу, тексеру, бақылау органдарының деректері де аталған тақырыпты жандандыруға септігін тигізеді сөзсіз.

Қазақстан Бақылау комиссисының Көшпелі үштігі мәжілісінің 1930 жылғы 2 ақпандағы хаттамасы коммунистік партия мүшелерінің аппеляциялық істерін қарағандығын баяндайды.

«Тыңдалды: 1. 1900 жылы туылған Оспанов Садық, 1928 жылдан партия өтілі бар, партибилет № 0950066, әлеуметтік жағдайы – шаруа. Тексеру сәтінде оқушы, мүліктік жағдайы – 2 жылқы, 1 сиыр, білімі – төмен. Саяси сауаттылығы – партия құрылысы курстарын бітірген. Партиялық жүктемесі жоқ. Партиялық ескертулері жоқ. Тексеруден Қостанай округі Наурызым ұйымынан өткен» деп көрсете отырып, Тексеру комиссиясы С. Оспановтың 1925 жылдан Халық ағарту комиссариатында жүріп Алаш Орда ұйымының жетекшілерімен байланыс жасағандығын, Алаш Орда жетекшілерін жасырғандығын, Алаш Орданың партиямызға зиянкестігін білмегендігін анықтады. Жоғарыда аталған әрекеттері үшін С. Оспанов БК (б) П қатарынан шығарылды.

Қостанай округтік Бақылау комиссиясы төралқасы 1929 жылғы 23 қазанда тексеру комиссиясының шешімін бекітті. Үштікте анықталғаны: Оспанов Алаш Орда жетекшілерінің бірінің көшірі болған, бұл оны Алаш Ордамен байланыста болды деген айыптауға негіз болды, оның Алаш Ордашылармен нақты байланыста болғандығы жайында істе дәлелдейтін құжаттар жоқ. (Баяндамашы Аситов, Оспанов қатысып отыр). [ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 5-п.].

«Қостанай округтік Округтік Бақылау Комиссиясының айыптау туралы шешімінің негізсіздігі ескеріліп, іс тоқтатылсын, Оспанов тексеруден өтті деп есептелсін» деген қаулы қабылданады. Алаш Орда үкіметіне қатысы жоқ, Алаш қозғалысы жетекшілерінің біріне атқосшылық қызмет атқарған деген желеумен де мәселе май шаммен қаралған.

1897 жылы туылған Малбек Исаевтың апелляциялық ісі де осы хаттамада қаралды. Ол 1928 жылы 300 сомды талан-таражға салған үшін бір жылға сотталып, рақымшылыққа іліккен. Тексеру кезінде қойманың сатушысы, 100 сом айлық жалақысы бар. Қызылорда қаласында өзінің жекеменшік үйін пәтерге жалға 13 сомға береді. Бюро мүшесі болып тұрған жерінде партия мүшелері мен партияда жоқ адамдармен шаруашылық және әкімшілік лауазымдарды бөлу бойынша құпия жиналыстар өткізген, сол жерде Текстильторг мекемесінің меңгерушісі лауазымына үміткер ретінде ұсынылғандығын Бюроға хабарламаған. «Партия ұясында орын алған осындай келеңсіз жағдайларды хабарламады», «ұяның жұмысына қатыспады» деген айыптаулар тағылды. Партиялық Бақылау комиссиясы Партиялық алқасы қаулыны бекітіп, М. Исаевты партия мүшелігінен шығарды [ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 5, 6-п.].

Хаттамада барлығы 7 адамның ісі қаралып, қаулы қабылданды. Солардың қатарындағы Айтуаров Есмұханның апелляциялық ісі жоғарыдағы істермен тақырыптас, мазмұндас. 1903 жылы туылған Е. Айтуаров білімі төмен, тексеру сәтінде оқушы. Қызыл Әскер қатарында 4 ай қызмет еткен. 1917 жылға дейін жалшылықта болған. Қоғамдық ұйымдарда мүшелікте бар, партиялық жүктемесі (партнагрузка) бар. Тексеру комиссиясының анықтағаны: кәмпескелеу мәселесі бойынша теріс көзқарасты ұстанған, Қазақ өлкелік комитетінің саясатына қарсы бағытталған, (кәмпескелеуді жасырын жүргізу, кедейлер алған малдарын ішіп қояды деген көзқарастарын курсанттарға таңған).

Қазақ өлкелік комитетін дискредитациялау (Қазақ өлкелік комитетінде байдың балалары отыр), Мемлекеттік банкте істеп жүрген кезінде жең ішінен байланысу, қызмет бабын пайдаланумен, араққорлық, тазалау барысында арамзалықпен айналысқан. БК (б) П қатарынан шығарылған. Партиялық алқа Тексеру комиссиясының 1930 жылғы 14–20 қаңтардағы шешімін бекітті. Сонымен қатар Айтуаров қоғамдық орындардағы әдепсіз қылықтары үшін оқу орнынан да шығарылды [ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 8-п.].

Өлкелік Бақылау комиссиясының көшпелі мәжілісінің 1930 жылғы 2 ақпандағы хаттамасында Нұрмухин Налидің ісі қаралды. 1900 ж. т. 1917 жылға дейін өзінің шаруашылығында жұмыс істеген. Партия қатарына кірерде өзінің шыққан тегін, жат элементтермен байланысын, таптық бағыттан ауытқығандығын жасырған, қызмет бабын жеке басының пайдасы үшін пайдаланғандығын, парақорлығын жасырған деген айыптармен партия қатарынан шығаруға ұсыныс жасалғанмен, Нұрмухиннің айыптары толығымен тексерілмегендіктен қайта қарауға жіберілді.

Ал Мәдіомаров Рақымжан, 1902 жылы туылған, әлеуметтік тегі – азаншы молда, тексеру кезінде ЦРК қарауылы қызметін атқарған. 1929 жылы діни сенімі үшін (азаншы) дауыс беру құқығынан айырылған. Тексеру комиссиясының анықтауы бойынша ол: Мәдіомаров бұрынғы діни сенімнің қызметшісі, партияға 1928 жылы кіргенге дейін діни қызметін атқарып келген, өзінің шыққан тегін жасырып, жұмысшымен деп алдаған. Партиялық алқа Мәдіомаровты партия қатарынан шығарып, оны партияға қабылдағандардың ісін тексеруге қаулы қабылдады [ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 9-п.].

Тілеубергенов Сәли, 1904 ж. т. 1927 жылдан партия мүшесі «жалшы еңбегін қанады, атқамінер туысынан бас тартпай, оның жақтап, тіпті оның сөзін сөйледі, кәмпескелеу кезінде өзінің

жалшысына бөлінген малды алып қойды» деген айыптармен партия қатарынан шығарылды [ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 9-п.].

Ярков Павел Савельевич 1920 жылы кулактар көтерілісіне қатысқаны, Қытайға эмиграцияға кеткені, 1928 жылға дейін саудамен айналысқаны үшін партия қатарынан шығарылды [ҚРПА. 719-қ. 2-т. 28-іс. 134-п.].

Алаш қозғалысына қатысушыларды қуғындау шаралары кезінде бұқаралық ақпарат құралдарында талқылау мақалалар, әшкерелеу жарияланымдары жиі жарық көріп тұрды. 1929 жылы А. Кенжин мен Ә. Байділдиннің істері орталық баспасөз бетінде жарияланған еді. Бұл жағдай облыстық, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында да жалғасын тапты.

«Қойдай қу, бай менен молданы» деп ұрандатқан қоғамда ауылдағы бай, молдалар мен билердің сарқыншақтарымен белсенді түрде күрес жүргізілді. Түлкібас аудандық партия комитетінің жабық бюросының 1930 жылғы 1 желтоқсандағы хаттамасында 1930 жылғы 25 қарашадағы «Правда в степи» газетіне жарияланған «На поводу у бая» мақаласын талқылау күн тәртібіне қойылды. Мақаланы талқылаған соң қабылданған шешімде «қазіргі таңда фактілердің барлығы жойылды, партия ұйымы тап жауларына қарсы күреске толығымен жұмылдырылды, тамырынан жұлып тастау жүзеге асырылды. Басшылықты большевиктендіру нәтижесінде егін жинау және астық дайындау науқаны басталғанда нақты тапсырма алған және жеке салық салынған 47 бай шаруашылығы анықталды. Қазір жеке салық 367 бай шаруашылығына салынды, 90-ы сотталды, 15-і жер аударылды, жат элементтер жайлап алған 5 колхоз таратылды, қылмыстық жауапкершілікке тартыла отырып 13 ауылдық кеңестің төрағалары жұмыстан босатылды. Партиялық жазаға 30 адам тартылып, оның ішінде 8-і партия қатарынан шығарылды. 4 партиялық ұяның бюросына сөгіс берілді» деп атап көрсетеді.

«На поводу у бая» тақырыбымен жарияланған мақалада көрсетілген № 3 ауылындағы Ерназаров атындағы колхоздың төрағасы бай, бидің тұқымы Қайшыбеков Аманқұл жазаға тартылды. № 2 ауылдағы Көктерек колхозының төрағасы Есенбай Алтаев пен Ревкомиссия төрағасы Жүнісіл Қоспақов бай балалары ретінде, кеңестерге қарсы үгіт, насихат жүргізгені үшін қыркүйектің басында жазаланды, аудандық комитет бюросының мүшесі Байдаралин олармен байланыс жасағаны үшін жұмыстан босатылды, аудандық комитет бюросының құрамынан қуылды, Бақылау комиссиясы арқылы бір жыл жауапты жұмыспен айналысуға тыйым салына отырып қатаң сөгіс берілді. № 7 ауылдағы колхоз төрағасы би баласы Қоқанбаев астық және ет өнімдерін дайындау бағытын бұзғаны үшін тұтқынға алынды, іс қозғалып, әлі шешім қабылданған жоқ» деп жарияға жар салады [ҚРПА. 719-қ. 2-т. 30-іс. 4-п.].

Партиялық бақылау комиссиясының материалдарының арасында Сәлімгерей Қаратілеуовтің ісі бойынша қорытынды (Заключение по делу тов. Каратлеуова) деп аталатын құжат негізі Қаратілеуовтың партиялық-тергеу ісінде болуы керек. Немесе бұл құжат екінші данасы, архившілердің байқауынсыз, осы істің құрамына енгізілген болуы мүмкін.

Тюрин қол қойған қорытындыда С. Қаратілеуовке 9 тармақтан тұратын айыптау тағылған. «... 7. Қаратілеуов жолдас өзінің Темірден атқару комитетінің төрағасы лауазымынан Торғай облысына кетуін – Алаш Ордаға іріткі салу, оның әскерлерін кеңестік билік жағына тарту, Алаш Орда жетекшісі Досмұхамедовты қаралау, Қаратілеуовтің көрсетуі мен сөзінше Темір қаласындағы топ кеңестер жағында болды, әсіресе Кенжин сенімсіз еді.

8. Қаратілеуовтың Темір қаласына кеңестік биліктен өтіп Алаш Орда лагеріне барған соң Алаш Орданың өкімдерін белсенді орындаушысы болады, әсіресе жігіттерді тартуда, жылқыларды жинауда, арбалар мен құралдарды тартып алуда аса белсенділік көрсетті. Ең бастысы Алаш Орданың жарлықтарын орындамағандарға күш қолданды.

9. Қаратілеуов Таран атылып, Амангелді Иманов тұтқынға алынған соң, Алаш Орда Таран отрядын қарусыздандырғаннан кейін, Ырғыздағы кеңес билігін аса ешнәрсе бола қойған жоқ деп сендіруге тырысты, Амангелді Имановтың тұтқындалуы кеңестік билік өкілінің емес, барымташының тұтқындалуы деп түсіндіруге тырысты» деген айыптар тағылды. Істің келесі бетінде С. Қаратілеуовтың қорытындыға берген түсініктемесі тіркелген [ҚРПА. 719-қ. 2-т. 137-іс. 56-п.].

БСМБ Уәкілетті өкілі (Полпред ОГПУ в КССР) Даниловский, БСМБ Уәкілетті өкілдігінің СОУ бастығы (Начальник СОУ ПП ОГПУ) Рогозин, Уәкілетті өкілдігінің Ақпарат бастығы (заместитель начальник Инфо ПП) Сергеев қол қойған Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Голощекинге, БК-ЖШИ басшысы Фехтерге, Қазақ ХКК төрағасы Құлымбетовке 1931 жылы наурыз айында жолдаған хатында Орал ауданындағы азық-түлік тапшылығының фактілері анықталып жатқандығы жайлы

хабарлайды. «Александровск селосында 70 шаруашылық азық-түлікке мұқтаж болып отыр, олардың ішінде 5 отбасы аштықтан ісіп кеткен. Өлген жануарлар мен жмыхты азық еткен, соның кесірінен әсіресе балалардың арасында асқазан аурулары пайда болған оқиғалар анықталып отыр» деп дабыл қағады. Аштық пен колхоз басқармасының көмек көрсетпеуінен кохоздан шығу және ортақтастырылған малды сойып алу кездесуде. Осындай жағдай Нехвоешенск поселкесінде де орын алған.

Орал қаласының өзінде жұмысшылар мен қызметкерлердің кейбір категорияларының азық-түлікпен қамтамасыз ету жеңілдігі алып тасталған соң, олардың көңіл күйлері бұзылып, көтерілістер мен кеңестерге қарсы үгіт-насихат өршіп, жағдай қиындап тұрғандығын баяндады [ҚРПА. 719-қ. 3-т. 218-іс. 5-п.].

Алматы округі Сарқанд ауданындағы ауыр жағдай туралы хат жазылған [ҚРПА. 719-қ. 3-т. 218-іс. 6-п.]. «Өте құпия» айдарымен Қазақстанның әр өңіріндегі жағдай туралы ақпараттар мыңдап жөнелтіліп жатты. Атап айтқанда: «Қобда ауданы № 1 ауылдың тұрғыны кедей Рысқалиевтың екі жас баласы ашаршылық кесірінен 13 ақпанда қайтыс болды. Рысқалиевтың отбасының қалған мүшелері аштықтан ісініп жатыр. Малды жаппай сатып, Орынбор округінің аумағына нанға айырбастау үшін алып кетіп жатқан оқиғалар тіркелді.

Округтік, аудандық партия комитеттері ашыққандарға көрмек көрсетуге азық-түлік қорының жоқтығынан мүмкіндіктері болмады. Тұрғындардың көңіл-күйі күрт түсіп кеткен, кеңестік билікке және жүргізіліп жатқан іс-шараларға деген наразылықтарын ашық айта бастады» деп хабарлайды [ҚРПА. 719-қ. 3-т. 218-іс. 8-п.].

Зерттеуші Ж. Абылхожин Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихын зерделей келе қазақтардың «... малды жақсарту әдістерін және табынның шоғырлануы мен құрылымын мақсатты басқаруды жетік білді, жануарлардың этологиясы (мінез-құлқы) мен фенологиясы туралы терең білімге ие еді. Бұл тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әр ұрпақ ауысқан сайын өзін-өзі дамыту мен жетілдіруге мүмкіндік ала отырып, жаңа серпін алды. Бұл сәт мал шаруашылығы мәдениетінің динамизмінің қайнар көздерінің бірі болды» деген қорытынды жасайды [Абылхожин, 1997: 114].

Ғалымның бұл тұжырымы архивтік дереккөздер мен сирек қорлардағы ғылыми әдебиеттердің негізінде жасалды. Архивтік деректер мен жарияланымдарды саралай келе, Ж.Б. Абылхожин М.Қ. Қозыбаев, М.Б. Тәтімов Қазақстандағы ұжымдастыру науқанының барысы мен зардаптары жайлы ғылыми еңбекте біршама тың қортындылар жасайды. Сталиндік басшылықтың жоспары бойынша Қазақстан ұжымдастыруды негізінен 1932 жылы көктемде аяқталуы тиіс өңірлік топтың қатарына енгізілді. Бірақ КОКП съездерінің қарарында көрсетілгендей көшпелі және жартылай көшпелі өңірлер бұл қатарға енбеуі тиіс еді. Партиялық биліктің жоғарыдан жіберген қаулы қарарлары басқаша бағытта жүзеге асырылды.

Күштеп ұжымдастыру негізінде қалыптасқан кеңестік аграрлық өндіріс өзінің басты мақсатын – өнеркәсіпті шикізатпен, халықты азық-түлікпен қажетті мөлшерде қамтамасыз етуді жүзеге асыра алмады. Бәсекеге қабілетсіз әлеуеті бейбіт заманда да, соғыс кезінде де көзге ұрып тұрды [Әбжанов, 2014: 156].

Республикадағы шенеунік-бюрократтардың берілген мерзімді аса орындау деген ұранды желеулеті отырып, билік айтқан уақыттан асыра орындауды көздеді. БК (б) П Қызылорда облыстық округтік комитетінің V пленумының қаулыларына сілтеме жасай отырып, округтің шаруашылықтарын 1930, 1931 жылдары толық ұжымдастыру туралы міндет ашықтан ашық қойылды.

Шамасы, командалық-әкімшілік жүйе жағдайында басқаша ойлау мүмкін емес еді, өйткені оның көзқарастарында ұжымдастыру келесі соққы науқанынан басқа ештеңе болған жоқ. Бұл құбылыстың логикасы әрқашан бірдей апофеозды – ерте жеңіске жету есебін ұсынды. Сондықтан жақын арада жергілікті аппараттың барлық партиялық-саяси жұмысы мен іскерлік қасиеттері тек бір критерий – ұжымдастырылған шаруашылықтардың пайызы бойынша бағалана бастағаны түсінікті [Абылхожин, Қозыбаев, Тәтімов, 1991: 183,184].

Осындай маңызды іс-шараға кірісе отырып, көшпенділік қарапайым әлеуметтік ұйыммен және институционалдық байланыстардың көп деңгейлі кешенімен экономикалық және мәдени қызметтің қарабайыр, бірақ өте күрделі (әрине, өзінше) түрі емес екенін әрдайым назарда ұстау маңызды болды. Бұрыннан қалыптасқан меншік қатынастары (олардың ерекшелігі әлі күнге дейін тарих ғылымындағы проблемалар мәселесі) бұл әлеуметтік-экономикалық жүйенің кез-келген стандартты жоспарланған әлеуметтік жобаларға ең күшті «иммунитетті» көрсете алатындығын көрсетті. Бұл

жерде ғасырлар бойы қалыптасқан коммуналдық құрылымдар бірегей корпоративтік психология мен дәстүрлі идеологиялық көзқарастарды олардың шындыққа сәйкес келмейтін стереотиптерімен қалыптастырды. Олардың айтуынша, көптеген «жақсы бастамалар» нақты тарихи шындықтар аясында ойластырылмаған.

Ең бастысы, олар ұжымдастыру, халықты отырықшы өмір салтына көшіру кезінде еріктілік принципін елемей арқылы анықталды. Жаңа науқанды ұйымдастырушылар жеделдетілген қарқынмен жұмыс жүргізуге сенім артты. Міне, солақай саясаттың салдарынан бүкіл аудандар әкімшілік тәртіпте және өте қысқа мерзімде отырықшылыққа күшпен ауыстырылады.

Зерттеуші ғалымдар билік жүйесінің жолдаған қаулы-қарарлары мен жергілікті органдардың асыра сілтей отырып жүргізген әрекеттерін саралай отырып, мал шаруашылығымен айналысқан қарапайым тұрғындарды қолындағы малынан айырып, барлығын бір жерге асығыс, шала-пұла біткен қора-қопсының жанына жинап, киіз үйлерден жалаң аудандар, қалашықтар тұрғызғандығын анықтайды. «Экономикалық кеңістіктен және табындарды су мен жем іздеуде маневр жасау мүмкіндігінен айырылғаны маңызды емес». Шын мәнінде, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың жаппай қоныстануы ұжымдастырумен тығыз байланысты болды. Бұл туралы БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті Пленумының 1929 жылғы желтоқсандағы қаулысында тікелей айтылды: «Барлық отырықшыланатындарды жүз пайыз ұжымдастыру негізінде отырықшыландыру жүргізілетіндей есеппен отырықшыларды мәжбүрлеу және қоныстанған халықты шаруашылық жағынан нығайту саласындағы практикалық жұмыстардың барлық жоспарын жүзеге асыру» қажеттігін міндеттеді [Абылхожин, Қозыбаев, Тәтімов, 1991: 196].

Өлкенің сол кездегі басшылары жайлы әңгіме қозғағанда, сол бір күрделі кезеңде сыни тұрғыдан талдау жасау мен оқиғаның нақты бағасын жасауға дәрменсіз екендіктерін көрсеткендігін айту қажет. Субъективтік факторлар мен аппараттың құдіреттілігіне шексіз сенім мен басқарудың күштеу әдістері мен саяси-идеологиялық регулятивтеріне біржақты бейімделу, тіпті солшыл асығыстық осы бағыттағы қадамдардың әлсіз жақтарын көрсетіп берді.

Кеңестік биліктің тоқырау кезеңінде Қазақстанның Голощекин билігі тұсындағы тарихын зерттеу бір жақты ғана жүргізілді. С. Бәйішев туралы жасаған мақаласында М. Қозыбаев: «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктерін» жазған кезде Ф.И. Голощекин дәуіріне тіс батыра алмайтын еді, өйткені Мәскеуде оған деген көзқарас жеке басқа табынудың құрбаны есебінде қарайтын кез еді. Редакциялық алқа мәжілісінде осы бір дәрменсіздікке қиналғаны есімде. С. Бейсембаев ағамыздың Ф.И. Голощекинге арнап жазған мақаласына: «Апырмай Секең осыны бекер жазды-ау» дегенін де естігенім бар» деп көрсеткен еді. Ф.И. Голощекиннің жеке басына табыну ол басшылық еткен сәтте орын алды. Елден кеткен соң да, ол өзі өмірден өткен соң да большевиктік эмиссар туралы, оның реформалары мен науқандары жайлы жақ ашудың өзі қияметке айналды [Қозыбаев, 2021: 374].

Академик Х. Әбжанов Ф.И. Голощекинді «Билік тармақтарында тепе-теңдік пен тежемелік атымен түзілмеген Қазақстандағы ашаршылық архитекторы – Кремльдің қолшоқпары» деп атай отырып: «Кеңестер Одағы аумағында миллиондарды аштыққа ұрындырғандар – шексіз билікті иеленген Сталин мен оның айналасындағылар, осылар жүргізген аграрлық, кадрлық, ұлттық, ішкі және халықаралық саясат» деп қорытындылайды [Әбжанов, 2014: 148].

Ф.И. Голощекин Қазақстанда тоталитарлық тәртіптің барлық мәнді белгілерінің, ең бастысы – адамды биліктен, құқықтан, қарапайым еркіндіктен айырып, қорғансыздың күнін орнатты. Осының бәрі 1929 жылы басталған жаппай ұжымдастырумен барынша асынды. КСРО басшылығының тоқпақтауымен жүргізілген жойдасыз жанталаса ұжымдастыру алғашқы төрт жылда адамзатқа қарсы ұйымдастырылған қылмыс деңгейіне жетті. Ашынған халық қарулы қарсылық көрсетуге дейін барды [Әбжанов, 2014: 150].

Қорытындылар. Еліміздің тарихындағы белгілі оқиғаларды жаңа тұрғыдан қарау арқылы, деректер арқылы жаңа көзқарасты қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы әлеуметтік-саяси науқандардың дәстүрлі қазақ қоғамына тигізген салдарларын зерттеу барысында белгілі бір ілгерілеушіліктер бар. Аталған кезеңнің қазақ санасындағы алар орны мен қоғамдық-саяси маңызын зерделеу әлі де архивтік дереккөздерге қажеттілікті талап етуде. Аталған қажеттіліктердің орнын толтыру мақсатында отырықшыландыру, ұжымдастыру, партиялық тазалаулар, байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу, жер аудару тарихына қатысты архивтік дереккөздерге шолу жасалды. Қазақстандағы архивтерде сақталған фактологиялық материалдарды кешенді түрде зерделеу ғылыми ортаға беймәлім ақпаратты табуға мүмкіндік береді. Отырықшыландыру, ұжымдастыру, байлар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу,

жергіліктендіру, молдалар мен дін иелерін қудалау, Алаш қозғалысына тікелей қатысқандармен қатар, олармен тұрмыстық жағынан байланыста болғандардың өзін тергеу, тексеру істеріне және т. б. науқандарға қатысуы жайындағы құжаттар іздеп табылды. Қазақстан аумағындағы тергеу, тексеру, бақылау қызметін атқарған институт – Бақылау комиссиясы-Жұмысшы шаруа инспекциялары жұмысына қатысты архивтік деректер ғылыми айналымға түсіріліп, ғылыми әдебиеттердегі деректермен салыстырыла отырып талдау жасалды.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекин 1925–1933-жылдары жоспарлап жүзеге асырған «Қазақстандағы Кіші Қазан» революциясының негізгі науқандары – отырықшыландыру, ұжымдастыру, партиялық тазалаулар барысына қатысты құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Кіші Қазан революциясының кез-келген науқанына қатысты нормативтік-құқықтық актілер қағаз жүзінде формальды түрде бұл жұмысты өте керемет заңдық тұрғыдан негіздеп бергенімен, адам тағдырымен қайшыласа жүргізілгендігін көрсетті. 1925–1933 жылдар аралығында қуғын көргендер, сыртқа ауа көшіп кетушілер, көтерілістер мен ашаршылық зардабын кешкендер саны әлі нақтыланған жоқ. Отырықшыландырылған ауылдар мен ұжымдастырылған шаруашылықтардың анықтамалықтары жасалмаған. Облыстық мемлекеттік архивтердің кейбірлерінде қызметтік пайдалану үшін колхоздар мен совхоздар жайлы анықтамалықтар жасалғанымен, деректер базасын құру қолға алынбаған. Ауыл-селолардағы жеке шаруашылықтардың отбасы мүшелері, мүліктік жай-күйі және т.б. мәліметтер берілген «шаруашылық кітаптары» негізінде салыстырмалы талдау жасайтын кесте құрастыруды қолға алу керек. Сонда халқымыздың 1934–1938 жылдардағы әлеуметтік жағдайының картасы толыққанды болар еді. «Шаруашылық кітаптарын» жүргізу 1934 жылы елде төлқұжаттандыру жүзеге асырылған сәттен басталған.

Зерттеу кезеңіндегі Қазақстан Бақылау комиссиясының Көшпелі үштігі мәжілісінің, Өлкелік Бақылау комиссиясының көшпелі мәжілісінің, Түлкібас аудандық партия комитетінің жабық бюросының хаттамаларында Коммунистік партия мүшелерінің апелляциялық істері қаралған. Жеке бас мәліметтері ретінде аталған істер тек туыстарына ғана беріледі. Партиялық тергеу істері, апелляциялық, қылмыстық, қылмыстық бақылау істерінің зерттеушілер үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ететін заңнамалық актілер қабылдау күн тәртібіне шығып тұр.

Сонымен қатар Қазақстандағы ауыр жағдайлар орын алғандығы, қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер алынып тасталғаннан кейін тұрғындар арасында нарзылықтар туындай бастағаны туралы ақпараттар кезеңнің бейнесін көрсетеді. Мемлекеттік саяси бас басқармасының (ОГПУ) Қазақстандағы Уәкілетті өкілінің Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Голощекинге, Бақылау комиссиясы-Жұмысшы-Шаруа комиссиясының басшысы Фехтерге, Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Құлымбетовке 1931 жылы наурыз айында жолдаған хаты, Орал ауданындағы азық-түлік тапшылығының фактілері жайлы хабарлаған хаты деректік маңызы өте жоғары құжат.

Бақылау комиссиялары – Жұмысшы шаруа инспекциясы партиялық-мемлекеттік бақылау жүйесінің жұмысын жүзеге асырды. Елдегі мәдени, экономикалық, саяси, қоғамдық қарым-ұатынастардың жүзеге асырылуын бақылауды қамтамасыз етті. Бұқараның барлық қабатын қамти отырып, большевиктік партияның сенімді тексеру, бақылау құралына айналды.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві.

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві.

АОМА – Абай облысының мемлекеттік архиві

АТОМА – Атырау облысының мемлекеттік архиві

Әдебиеттер

Абоян, 1967 – *Абоян А.Ф.* Деятельность Крайкк-РКИ Казахстана в области партийного строительства и совершенствования государственного аппарата в 1926-1933 гг.: Автореф. дис. ... кандидата ист. наук: Алма-Ата, 1967. 29 с. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_004402711/?ysclid=mgrlskw0ob218046568.

Абылхожин, 1997 – *Абылхожин Ж.Б.* Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. Алматы: Ун-т «Туран», 1997. 358 [1] с.

Абылхожин, Қозыбаев, Тәтімов, 1991 – *Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Тәтімов М.Б.* Новое о коллективизации в Казахстане. // История Казахстана: белые пятна: сборник статей. Алма-Ата: Казахстан, 1991. 348 с.

Әбжанов, 2014, 148 – *Әбжанов Х.* Қазақстан: Ұлттық тарих. Идея. Методология. Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 328 б.

Декрет ВЦИК от 10.05.1923 – Декрет ВЦИК от 10 мая 1923 г. Положение о землеустройстве в кочевых и полукочевых районах Туркестанской Автономной Социалистической Советской Республики. URL: <https://wfi.lomasm.ru>.

Декрет ВЦИК, СНК РСФСР от 17. 04. 1924 – Декрет ВЦИК, СНК РСФСР от 17 апреля 1924 г. «О землеустройстве кочевого, полукочевого и переходящего к оседлому хозяйству населения автономной Киргизской Социалистической Советской Республики». URL: <https://wfi.lomasm.ru>.

Жакупова, 2019 – Жакупова Г.Т. Аспекты источниковедения истории Казахстана (50-60-е годы XX века). // Вестник. Серия историческая. 2019. № 2 (93). С. 153–157. URL: <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/download/454/374/>.

Иванцов, 2017 – Иванцов И. Г. Региональные контрольные комиссии – рабоче-крестьянские инспекции ВКП (б) как органы внесудебного преследования. На архивных материалах Кубани 1933 г. URL: <https://www.vestarchive.ru/2022-4/5263-izychenie-severnogo-yrala-v-dokumentalnom-nasledii-akademika-e-s-fedorova.html?ysclid=mg12ecsk2f531484330>.

Козыбаев, 2021 – Историк в меняющемся мире. Тарихшы және оның заманы. Сборник документов и материалов. Сост.: И.М. Козыбаев, Ш.О. Тулеуова. Алматы: Раритет, 2021. 480 с. +32 с. вкл.

Людтке, 2010 – Людтке А. История повседневности в Германии: Новые подходы к изучению труда, войны и власти /А. Людтке; [пер. с англ. и нем. К.А. Левинсона и др.; под общ. ред. и с предисл. С. В. Журавлева]. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Германский исторический институт в Москве, 2010. 271 с.: ил., 4 л. ил. (Современная немецкая историография).

Путеводитель ГА Алматинской обл., 2007 – Путеводитель. Государственный архив Алматинской области и его филиалы, Талдыкорганский государственный архив: Справочно-информационное издание. Т. 2. Талдыкорганский государственный архив. Филиалы Государственного архива Алматинской области. 1917–1991 гг. / Отв. сост.: Сарсенова Г.С., Чаушанская Н.В. Алматы, Издательский дом «Жибек жолы». 2007. 324 с. Первый том путеводителя «Государственный архив Алматинской области и его филиалы» был издан в 2001 году. URL: <https://archive-gaao.kz/wp-content/uploads/2024/08/2-tom-putevoditelya1.pdf>.

Путеводитель по фондам Архива Президента Республики Казахстан, 112 – Путеводитель по фондам Архива Президента Республики Казахстан: Справочно-информационное издание / Составители: Е.М. Грибанова, кандидат исторических наук, А.А. Сейсенбаева. Под общ. ред. профессора Б.А. Джапарова. Издание 2-е, дополненное. Алматы, 2016. 310 с.

Путеводитель. Государственный архив Российской Федерации – Путеводитель. Государственный архив Российской Федерации. URL: <http://garf.ru https://libinfo.org/index/index.php?id=34,ysclid=mg12ac3q9b403731435>

Султанмуратов, 2020 – Султанмуратов Д.Ю. Рабоче-крестьянская инспекция: правовые основы деятельности и особенности осуществления контрольно-ревизионной работы // Скиф. Вопросы студенческой науки. 2020. № 12. С. 249–257. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rabochе-krestyanskaya-inspektsiya-pravovye-osnovy-deyatelnosti-i-osobennosti-osuschestvleniya-kontrolno-revizionnoy-raboty/viewer>.

Саяси қуғын-сүргін ..., 2022, 69–71 – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 23: Ақмола өңірі – архив құжаттарында. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Ғ.Т. Исахан, К.М. Ильясова, Қ.Ғ. Дәркенов / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. Астана, 2022. 352 б.

Тихомиров, 1940: 6 – Тихомиров М.Н. Источниковедение истории СССР с древнейших времен до конца XVIII в. М.: 1940. 256 с.

Трагедия казахского аула, 2018, 188,189 – Трагедия казахского аула. 1928–1934: сборник документов; [сост.: А. С. Зулкашева, Г. Т. Исахан, Ж. А. Сатаева]; Алматы: Раритет, 2018. Т. 2. 1929 – январь 1932. 744 с.

Чеченков, 2025 – Чеченков П.В. Документ и исторический источник: на перекрестке социально-гуманитарных наук // Вестник НГТУ им. Р. Е. Алексеева. Серия «Управление в социальных системах. Коммуникативные технологии». 2025. С. 36–45.

Шрамук, 2024 – Шрамук Е.П. Деятельность Народного комиссариата Рабоче-крестьянской инспекции в современной российской историографии. // Молодежь XXI века: образование, наука, инновации : материалы XI Международной конференции аспирантов и молодых ученых, Витебск, 6 декабря 2024 г. Витебск : ВГУ имени П. М. Машерова, 2024. С. 69–71.

Sources

CSA RK – Qazaqstan Respwblıkası Ortalıq Memlekettik arxivi [Central state archive of the Republic of Kazakhstan]

PA RK – Qazaqstan Respwblıkası Prezidentiniń Arxivi [President of the Republic of Kazakhstan]

AOMA – Abay oblısınıń memlekettik arhivi [State Archive of Abai Region]

AtOMA – Aıraw oblısınıń memlekettik arhivi [State Archive of Aıraw Region]

References

- Aboyan, 1967 – *Aboyan A.F.* The Activities of the Kraykk-RKI of Kazakhstan in the Field of Party Building and Improvement of the State Apparatus in 1926–1933: Avtoref. dis. ... kandidata ist. nauk: Alma-Ata, 1967. 29 p. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_004402711/?ysclid=mgrlskw0ob218046568. [in Russian]
- Abylkhozhin, 1997 – *Abylkhozhin ZH.B.* Ocherki sotsial'no-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana. KHKH vek. Almaty: Un-t «Turan», 1997. 358, [1] p. [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan. 20th century. Almaty: Turan University, 1997. 358 [1] p.]. [in Russian]
- Abylkhozhin, Kozybayev, Tətimov, 1991 – *Abylkhozhin ZH.B., Kozybayev M.K., Tatimov M.B.* Novoye o kollektivizatsii v Kazakhstane. [New information about collectivization in Kazakhstan.]. *History of Kazakhstan: Blank Spots: A Collection of Articles.* Alma-Ata: Kazakhstan, 1991. 348 p. [in Russian]
- Abzhanov, 2014 – *Abzhanov X.* Qazaqstan: Ulttiq tarix. İdeya. Metodologiya. Almaty: Eltanım baspası, 2014. 328 p. [Kazakhstan: National History. Idea. Methodology. Almaty: Eltanym Publishing House, 2014. 328 p.]. [in Kazakh]
- Chechenkov, 2025 – *Chechenkov P.V.* Dokument i istoricheskiy istochnik: na perekrestke sotsial'no-gumanitarnykh nauk // Vestnik NGTU im. R. Ye. Alekseyeva. Seriya «Upravleniye v sotsial'nykh sistemakh. Kommunikativnyye tekhnologii». Pp. 36–45. URL: K, aralğan küni: 20 shilde 2025 zh Chechenkov P.V. Document and historical source: at the crossroads of social and humanitarian sciences // Bulletin of NSTU named after R. E. Alekseev. Series «Management in social systems. Communicative technologies». Pp. 36–45. [in Russian]
- Decree of the All-Russian Central Executive Committee of May 10, 1923 – *Dekret VTSIK ot 10.05.1923* – Dekret VTSIK ot 10 maya 1923 g. Polozheniye o zemleustroytve v kochevykh i polukochevykh rayonakh Turkestanskoй Avtonomnoy Sotsialisticheskoy Sovetskoy Respubliki. URL: <https://wfi.lomasm.ru>. [in Russian]
- Decree of the All-Russian Central Executive Committee of May 10, 1923. Regulations on land management in nomadic and semi-nomadic regions of the Turkestan Autonomous Socialist Soviet Republic]. URL: <https://wfi.lomasm.ru>. [in Russian]
- Decree of the All-Russian Central Executive Committee, Council of People's Commissars of the RSFSR of April 17, 1924 – *Dekret VTSIK, SNK RSFSR ot 17. 04. 1924* – Dekret VTSIK, SNK RSFSR ot 17 aprelya 1924 g. «O zemleustroytve kochevogo, polukochevogo i perekhodyashchego k osedlomu khozyaystvu naseleniya avtonomnoy Kirgizskoy Sotsialisticheskoy Sovetskoy Respubliki». URL: <https://wfi.lomasm.ru>. K, aralğan küni: 14 mausym 2025 zh. [Decree of the All-Russian Central Executive Committee, Council of People's Commissars of the RSFSR of April 17, 1924 «On land management of the nomadic, semi-nomadic, and sedentary population of the autonomous Kirghiz Socialist Soviet Republic»]. URL: <https://wfi.lomasm.ru> [in Russian]
- Guide to the Funds of the Presidential Archives of the Republic of Kazakhstan, 112 – *Guide to the Funds of the Presidential Archives of the Republic of Kazakhstan*: Reference and Information Publication Compiled by E.M. Gribanova, Candidate of Historical Sciences, and A.A. Seisenbayeva. Edited by Professor B.A. Dzhaparov. 2nd edition, revised. Almaty, 2016. 310 p. [in Russian]
- Guide. State Archives of the Russian Federation – *Guide. State Archives of the Russian Federation*. URL: <http://garf.ru> <https://libinfo.org/index/index.php?id=34,ysclid=mg12ac3q9b403731435>. [in Russian]
- Guidebook of the State Archives of Almaty Region, 80 – *Guidebook. State Archives of Almaty Region and its branches, Taldykorgan State Archives*: Reference and Information Publication. Vol. 2. Taldykorgan State Archives. Branches of the State Archives of Almaty Region. 1917–1991. Compiled by G.S. Sarsenova and N.V. Chaushanskaya. Almaty, Zhikezholy Publishing House. 2007. – 324 pages. The first volume of the guidebook "The State Archives of the Almaty Region and its Branches" was published in 2001. URL: <https://archive-gaao.kz/wp-content/uploads/2024/08/2-tom-putevoditelya1.pdf>. [in Russian]
- Ivantsov, 2017 – *Ivantsov I. G.* Regional Control Commissions – Workers' and Peasants' Inspections of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) as Extrajudicial Prosecution Bodies. Based on the Archive Materials of the Kuban Region in 1933. URL: <https://www.vestarchive.ru/2022-4/5263-izyuchenie-severnogo-yrala-v-dokumentalnom-nasledii-akademika-e-s-fedorova.html?ysclid=mg12ecsk2f531484330>. [in Russian]
- Khimovich – *Khimovich E.* The Role of the Central Control Commission-Russian Communist Party in Implementing the Economy and Rationalization of Production and Management: Experience and Lessons (1926–1934). (Specialty № 07.00.01 – History of Social Movements and Political Parties). Abstract of the Dissertation for the Degree of Doctor of Historical Sciences. Moscow, 1992. 46 p. URL: <https://cheloveknauka.com/rol-tskk-rki-v-provedenii-rezhima-ekonomiki-i-ratsionalizatsii-proizvodstva-i-upravleniya-opyt-uroki-1926-1934-gg>. [in Russian]
- Kozybaev, 2021 – *Kozybaev M.K.* Istorik v menäüşemsä mire. Tarihsy žone onyñ zamany. Sbornik dokumentov i materialov. Sost.: I.M. Kozybaev, Š.O. Tuleuova. Almaty: Raritet, 2021. 480 s. +32 s. vkl. [Historian in a changing world. Historical soul is his time. Collection of documents and materials]. Comp.: I.M. Kozybaev, Sh.O. Tuleuova. Almaty: Rarity, 2021. 480 p. +32 p. incl. [in Kazakh, Russian]
- Ludtke, 2010, 72 – *Lyudtke A.* Istoriya povsednevnosti v Germanii: Novyye podkhody k izucheniyu truda, voyny i vlasti; [per. s angl. i nem. K.A. Levinsona i dr.; pod obshch. red. i s predisl. S. V. Zhuravleva]. M.: Rossiyskaya politicheskaya entsiklopediya (ROSSPEN); Germanskiy istoricheskiy institut v Moskve, 2010. 271 s.: il., 4 l. il. (Sovremennaya nemetskaya istoriografiya). [Ludtke A. History of Everyday Life in Germany: New Approaches to the Study of Labor, War, and Power; [translated from English and German by K.A. Levinson et al.; edited and with a

foreword by S.V. Zhuravlev]]. Moscow: Russian Political Encyclopedia (ROSSPEN); German Historical Institute in Moscow, 2010. 271 p.: ill., 4 p. ill. (Modern German Historiography). [in Russian]

Political repression ... : 2022 – *Sayası qwǵın-sürgin ... : 2022 – Sayası qwǵın-sürgin qurbandarın tolıq aqtaw jölindegi Memlekettik komissıyanıń materialdarı (XX ǵasırdıń 20–50 jıldarı) = Materialı Gosudarstvennoy komissii po polnoy reabilitacii jertv političeskix repressiy (20-50 godı XX veka)*. T. 23: Aqmola öñiri – arxiv qujattarında. 1920-1940 jj. Qujattar men materialdar jınaǵı. Qurastırwshılar: Ğ.T. Isaxan, K.M. İlyasova, Q.Ğ. Därkenov / Jalpı redakciyasın basqarǵan E.T. Qarın. Astana, 2022. 352 b. [Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20-50 years of the XX century) = Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20-50 years of the XX century)]. T. 23: Akmola region - in archive documents. 1920-1940. Collection of documents and materials. Compiled by: G.T. Isakhan, K.M. Ilyasova, K.G. Darkenov / General editor E.T. Karin. Astana, 2022. 352 p. [in Russian]

Shramuk, 2024 – *Shramuk, E.P.* The Activities of the People's Commissariat of the Workers' and Peasants' Inspectorate in Modern Russian Historiography // Youth of the 21st Century: Education, Science, and Innovation: Proceedings of the 11th International Conference of Postgraduate Students and Young Scientists, Vitebsk, December 6, 2024. – Vitebsk: Vitebsk State University named after P. M. Masherov, 2024. Pp. 69–71. URL: <https://rep.vsu.by/bitstream/123456789/45674/1/69-71.pdf>. [in Russian].

Sultnamuratov, 2020 – *Sultnamuratov, D.Yu.* Workers' and Peasants' Inspectorate: Legal Foundations of Activity and Features of Control and Audit Work [Electronic resource] / D.Yu. Sultnamuratov // Skif. Issues of Student Science. 2020. № 12. Pp. 249–257. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/raboche-krestyanskaya-inspektsiya-pravovye-osnovy-deyatelnosti-i-osobennosti-osuschestvleniya-kontrolno-revizionnoy-raboty/viewer>.

The tragedy of the Kazakh aul, 2018 – *Tragediâ kazahskogo aula: 2018 – Tragediâ kazahskogo aula. 1928–1934: sbornik dokumentov*; [sost.: A. S. Zulkasheva, G. T. Isahan, Zh. A. Sataeva]; Almaty: Raritet, 2018. T. 2. 1929–ânvar' 1932. 744 s. [The tragedy of the Kazakh aul. 1928–1934: a collection of documents]; [compiled by: A. S. Zulkasheva, G. T. Isakhan, Zh. A. Sataeva]; Almaty: Raritet, 2018. Vol. 2. 1929 – January 1932. 744 p. [in Russian]

Tikhomirov, 1940, 6 – *Tihomirov, 1940, 6 – Tihomirov M. N.* Istočnikovedenie istorii SSSR s drevnejših vremen do konca XVIII v. M.: 1940. 256 p. [Tikhomirov M. N. Source studies of the history of the USSR from ancient times to the end of the XVIII century]. M.: 1940. 256 p. [in Russian]

Zhakupova, 2019 – *Zhakupova G.T.* Aspekty istočnikovedeniya istorii Kazakhstana (50-60-ye gody KHKH veka) // Vestnik. Seriya istoricheskaya. №2 (93). 2019. Pp. 153–157. URL: <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/download/454/374/>. Accessed July 21, 2025 [Aspects of source studies of the history of Kazakhstan (50-60s of the twentieth century)]. *Bulletin. Historical series*. 2019. № 2 (93). Pp. 153–157. URL: <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/download/454/374/>. [in Russian]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN-KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIYA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

Сулейменова А.Т.РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117**Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.**ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136**Молдин Б.А., Мәден А.Т.**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148**Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.**

ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166

Рахметова Ә., Сарсембаева Г.ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177**Есназарова З.Б.**АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189**Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205**Шолахов М.Г., Алпысбес М.А.**

РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215

Мамраймов С.Д.1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230**Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.**КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245**Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.**КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М. АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына кесілген дін өкілдері.....	1271
Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р. XIV ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында болған індет.....	1284
Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....	1293
Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К. ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ.....	1304
Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A. KAZAKH-OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15 th – EARLY 17 th CENTURIES).....	1319
Ерғабылов А.Е. ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ІЛЕ АЛАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР (1991-2023 ЖЖ. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ).....	1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru